

**Қазақстан Республикасы Президентінің жекешелендіру мәселелері жөніндегі кейбір Жарлықтарына өзгертулер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ 1995 жылғы 19 қазан N 2553 . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

"Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 2266 U952266\_ Заң күші бар Жарлығының қабылдануына байланысты ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

I. Мынадай өзгертулер енгізілсін:

1. "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 8 ақпандағы N 616 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1992 ж., N 4, 56-құжат) 11-тармағы алынып тасталсын;

2. "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1993 ж., N 8, 88-құжат);

4-тармақта;

бірінші абзацтағы "акцияланатын кәсіпорындармен шарттық байланысы бар ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің акциялар сатып алуына басым құқық бере отырып" сөздері алынып тасталсын;

"а" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын;

"а) жаңадан құрылатын акционерлік қоғамдардағы акциялардың

жалпы мөлшерінің кем дегенде 51 проценті инвестициялық жекешелендіру қорларына сатылады";

5-тармақтың "а" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) жаңадан құрылатын акционерлік қоғамдардағы акциялардың

жалпы мөлшерінің кем дегенде 40 проценті инвестициялық жекешелендіру қорларына сатылады";

8-тармақтың күші жойылған деп танылсын.

II. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті